Пернекулова Майра Мухтаровнаның «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Виртуалды шындық пен тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру мәселесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу виртуалды шындық феноменін және оның тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу мен дамыту үдерісіне тигізетін ықпалын талдауға арналған. Виртуалды шындық, тұлға және шығармашылық жөніндегі қолданыстағы тұжырымдамаларға сыни талдау жасай отырып, автор осы категориялардың синтетикалық, тұтастандырылған түсінігін қалыптастырады. Бұл цифрлық кеңістікте адамның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үдерісін жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеуде виртуалды ортадағы шығармашылықтың жұмыс істеу ерекшеліктері айқындалған, тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға байланысты негізгі сын-қатерлер мен қауіптер белгіленген, сондай-ақ оларды еңсерудің бағыттары Қазақстан жағдайының мысалында ұсынылған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы виртуалды шындықты тұлғаның өзін жүзеге асыруының ерекше кеңістігі ретінде түсінудің оңтайлы моделін әзірлеумен, онда пайда болатын шығармашылықтың жаңа формалары мен тетіктерін анықтаумен, сондай-ақ виртуалды ортаның сын-қатерлеріне бейімделу барысында тұлғаның шығармашылық әлеуетін сақтап, дамытуға мүмкіндік беретін тұжырымдамалық негіздерді жасаумен сипатталады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы социомәдени шынайылықтың түбегейлі өзгерістерімен айқындалады. Бұл кезеңде ақпаратты өндіру, сақтау және тарату басты мәнге ие болатын ақпараттық қоғам қалыптасты. Компьютерлік технологиялардың дамуы виртуалды шындық феноменін тудырып, оның табиғаты, мәні және адамға ықпалы жөніндегі қызу пікірталастарға жол ашты. Виртуалды орта қазіргі өмірдің ажырамас бөлігіне айналып, тұлға мен қоғамға әрі жағымды, әрі деструктивті ықпал етуде, бұл құбылысты терең философиялық тұрғыдан зерделеуді талап етеді.

Қазіргі технологиялар адамзат өркениетінің көптеген жетістіктері сияқты екіжақты табиғатқа ие: олар адам дамуына қызмет ете алады, бірақ көбіне тәуелділікке, әлеуметтік дағдылардың әлсіреуіне және киберқылмыстың өсуіне себепші болады. Осы жағдай виртуалды шындықтың тұлғаның шығармашылық әлеуетін қалыптастыру мен жүзеге асыруға қалай әсер ететінін зерттеудің өзектілігін арттыра түседі. Өйткені шығармашылық – адам болмысының негізі әрі оның өзін-өзі іске асыруының маңызды тетігі.

Адам мен виртуалды ортаның өзара әрекеттесу механизмдерін түсіну, виртуалды кеңістік шығармашылық бастаманың дамуына әкелетін мүмкіндіктер мен төндіретін қауіптерді айқындау – қазіргі философия мен әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың маңызды міндеті. Ақпараттық қоғам жағдайында

бұл үдерістердің тұлғаға ықпалын пайымдау қажеттілігі аталған зерттеудің маңыздылығын және уақытылығын айқындайды.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі виртуалды шындық, тұлға және шығармашылық феномендерін қарастыратын үш негізгі бағытты қамтиды. Виртуалды шындық мәселесі философия, мәдениеттану, психология және социология тоғысында пайда болып, 1980-жылдардан бастап белсенді талқылана бастады. Бұл кезеңде цифрлық технологиялар адам болмысының жаңа кеңістігін қалыптастыра бастады. Виртуалдылықты түсінудің негізін қалаған шетелдік ойшылдардың қатарында Дж. Ланье, П. Леви, Ж. Бодрийяр, П. Вирильо, С. Лем сынды зерттеушілерді атауға болады. Посткеңестік кеңістікте, әсіресе Ресей, Қазақстан және Беларусь елдерінде, аталған мәселеге қызығушылық айрықша байқалды.

Қазақстандық философиялық ойда виртуалды шындық феномені мен тұлғаның шығармашылығы мәселесі А.К. Құсайынов, Н.А. Айтов, Ж.Е.Абылқасымова, А.А. Нысанбаев және басқа да ғалымдардың еңбектерінде зерделенеді. Зерттеулердің басым бөлігі адамның рухани-адамгершілік табиғатына, мәдени сәйкестікке және цифрландыру жағдайындағы гуманистік құндылықтарға бағытталған. Технологиялық прогресс пен қоғамның рухани негіздерінің үйлесіміне ерекше назар аударылады. Соңғы жылдары виртуалдылықты философиялық тұрғыдан осмыстауға қызығушылық артып келеді (В.Ю. Дунаев, А. Сағиқызы, Б.И. Карипбаев). Бұл еңбектер виртуалды шындықты түсінуге арналған пәнаралық тәсілдердің қалыптасуына ықпал етіп, тұлға дамуына виртуалды кеңістіктің әсерін талдауға әдіснамалық негіз қалайды.

Ресейлік философияда виртуалдылық феномені Н. Носов, В. Савчук, В.Стёпин, С.С. Хоружий және басқа зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады. Бұл еңбектерде виртуалдылықтың онтологиялық статусы, сана мәселесі және коммуникация проблемалары талданады. Ресей және посткеңестік әдебиетте екі негізгі бағыт айқындалған: бірінші бағыт виртуалды шындықтың мәнін және оның постмодернистік симуляция мен симулякр ұғымдарымен байланысын зерттейді; екінші бағыт виртуалды ортаның адамға, қоғамға және мәдениетке ықпалын талдайды. Алайда виртуалды шындықтың тұлғаның шығармашылық әлеуетінің дамуына әсерін жүйелі түрде қарастырған зерттеулер әлі жүргізілмеген.

Тұлға және шығармашылық мәселелері терең философиялық тамырларға ие. Бұл мәселелер отандық және әлемдік философияда Н.А. Бердяев, Л.П.Карсавин, Г.С. Батищев, Э.В. Ильенков және басқа да ойшылдар еңбектерінде қарастырылған. Қазіргі көзқарастарда тұлға – өзін-өзі жүзеге асыруға және шектеулерді еңсеруге қабілетті белсенді бастама ретінде түсіндірілсе, шығармашылық – адам болмысына жаңа мағына мен формалар беруге бағытталған жасампаз қызмет ретінде қарастырылады. Дегенмен виртуалды шындықтың осы үдерістерге қалай әсер ететіні, сондай-ақ оның кеңістігінде тұлғаның шығармашылық әлеуеті қандай жолмен қалыптасып, жүзеге асатыны мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл жайт аталған

проблеманы одан әрі философиялық тұрғыдан пайымдау қажеттілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – виртуалды шындықтың негізгі тұжырымдамаларына сыни талдау жасап, олардың арасынан негізді шешімді айқындау және осы шындықтың тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу мен дамыту үдерісіне әсер ету ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

– виртуалды шындықтың негізгі тұжырымдамаларына сыни талдау жасау негізінде бұл феноменнің қойылған мақсатқа қолайлы, авторлық түсінігін қалыптастыру;

– әдебиетте тұлға мен шығармашылыққа қатысты әртүрлі тұжырымдамалардың көптігін ескере отырып, олардың ішінен оңтайлысын табу немесе автордың өзіндік концепциясын ұсыну;

– виртуалды шындық саласындағы шығармашылықтың ерекшеліктерін талдап, осы ортада тұлғаның шығармашылық әлеуетін іске асыру мүмкіндіктерін айқындау;

– виртуалды шындық саласынан туындайтын тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға қатысты негізгі сын-қатерлер мен қауіптерге сипаттама беру;

– қазақстандық шынайылық мысалында виртуалды шындықтан туындайтын аталмыш қауіптердің алдын алу және сын-қатерлерге жауап беру жолдарын талдау.

Зерттеу объектісі – виртуалды шындық феномені.

Зерттеу пәні – виртуалды шындық саласында тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– тұлғаның шығармашылық әлеуетін виртуалды шындық кеңістігінде іске асыру үдерісін зерттеуге мүмкіндік беретін виртуалды шындықтың оңтайлы түсіндірмесі ұсынылды;

– тұлға мен шығармашылықтың негізгі тұжырымдамаларына сыни талдау негізінде олардың синтетикалық, тұтас түсінігі қалыптастырылды;

– шығармашылық жалпыға ортақ табиғатын сақтай отырып, виртуалды шындық жағдайында оның жаңа ерекшеліктерге ие болатыны анықталды;

– тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үдерісіне әсер ететін негізгі сын-қатерлер мен қауіптер айқындалып, сипатталды;

– қазіргі Қазақстан жағдайын талдау негізінде виртуалды шындықтан туындайтын адамға және оның шығармашылық әлеуетіне бағытталған сын-қатерлер мен қауіптерге жауап берудің негізгі тәсілдері ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Виртуалды шындық феномені модальдық онтология контекстінде философиялық тұрғыдан пайымдауды талап етеді, өйткені ол тұлғаның өмір сүруінің жаңа онтологиялық кеңістігін білдіреді. Бұл кеңістікте адамның әлеммен және өз-өзімен өзара әрекеттесуінің дәстүрлі формалары трансформацияланады. Компьютерлік технологиялар тудырған виртуалды шындық мүмкін болмыстың ерекше түрі ретінде көрініс береді және сананың,

сондай-ақ шығармашылықтың құрылымына әсер етеді. Ол адам санасының ішкі әлемі мен константты шындықтың (табиғат пен мәдениет әлемінің) арасындағы аралық күйде орналасып, тұлғаның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруының аренасы, ортасы және құралы рөлін атқарады.

2. Виртуалды шындық тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асырудың жаңа формаларын – цифрлық коммуникациялар, интерактивті медиалар, жасанды интеллект арқылы – ашқанымен, сонымен бірге аутенттілікті және рухани тұтастықты жоғалту қаупін де тудырады. Зерттеуде Н.А. Бердяев, Э.В. Ильенков, Г.С. Батищев, Ф.Т. Михайлов және А.А. Хамидов идеяларының толықтырушы қағидатына негізделген тұлғаның синтетикалық тұжырымдамасы ұсынылады. Личность социомәдени және мәдени-тарихи адам болмысы, субъект ретіндегі адам өмірінің жоғары формасы ретінде қарастырылады. Оның негізгі атрибуттары – шығармашылық және жауапты еркіндік.

3. Виртуалды орта тұлғаның шығармашылығы үшін бір мезетте ынталандырушы да, қатер төндіруші де фактор болып табылады: ол өзін-өзі білдіру мен коммуникация мүмкіндіктерін кеңейтеді, бірақ сонымен бірге «Меннің» фрагментациясына, сондай-ақ шынайы шығармашылықтың имитациямен ауыстырылуына әкелуі мүмкін. Зерттеуде шығармашылықтың мәні тұлғаның еркіндігі мен жауапкершілігіне негізделген мазмұнды жаңалық арқылы айқындалатын жасампаз іс-әрекеттің жоғары формасы ретінде қабылданады. Шынайы шығармашылық тек жаңашылдықпен емес, оның мәнділігімен анықталады. Виртуалды шындықтың табиғаты шығармашылықта ең толық көрінеді, алайда оның барлық көріністері адамның шығармашылық қатысуын талап етпейді.

4. Виртуалды әлемде адамның шығармашылық әлеуетін сақтау және дамыту рухани-адамгершілік құндылықтарға, тұлғалық жауапкершілікке және жалпыадамзаттық әрі қазақстандық идеалдарға негізделген мәдени сәйкестікке сүйенген жағдайда ғана мүмкін болады. Қазақстандық контексте бұл дәстүр мен инновацияның үйлесімін, адамға бағдарланған ұстанымды және «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы рухындағы рухани жаңғыруды білдіреді. Виртуалды шындық шығармашылық үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, бірақ сонымен бірге елеулі қауіптер де тудырады: ол константты шындықты көлегейлеуі, тәуелділік қалыптастыруы және шынайы сәйкестікті цифрлық бейнелермен алмастыруы мүмкін. Мұның салдарынан тұлға нақты болмыспен байланысын жоғалтып, цифрлық кеңістіктің аноним қатысушысына айналу қатеріне ұшырайды.

5. Жасанды интеллект шығармашылық қызметтің жаңа делдалына айналып отыр; ол адамның мүмкіндіктерін кеңейте алады, бірақ сонымен бірге оларды алгоритмдік симулякрлармен алмастыру қаупін тудырады. Сондықтан адам шығармашылығының субъектілігі мен мағыналық өлшемін сақтау аса маңызды. Виртуалды кеңістікті бақылау тек техникалық шараларды – деструктивті контентті сүзу мен мониторинг жүргізуді – ғана емес, сонымен бірге рухани-мәдени әрекеттерді де талап етеді: сыни ойлауды, құндылықтық мәдениетті және жеке жауапкершілікті қалыптастыру. Бұл қасиеттер цифрлық ортаның қауіптерінен қорғанудың сенімді тетігі бола алады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Диссертациялық зерттеуде алынған нәтижелер теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды. Теориялық маңыздылығы, ең алдымен, зерттеудің виртуалды шындық мәселесін, соның ішінде оның кеңістігіндегі шығармашылық феноменін қарастырған алғашқы еңбектердің бірі болуында. Бұл жайт аталған мәселенің қазақстандық философия мен ғылымда одан әрі зерттелуіне түрткі болып, белгілі бір деңгейде оның бастау нүктесіне айналады. Зерттеудің негізгі қағидалары философия, мәдениеттану, әлеуметтану, теориялық және қолданбалы педагогика сияқты пәндердің оқыту бағдарламаларына енгізілуі мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға кедергі келтіретін виртуалды шындық қаупінің алдын алу бойынша жасалған қорытындыларды мектепке дейінгі жастан бастап әрі қарай қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың негізінде жоғары білім беру жүйесінде пайдалануға арналған оқу құралы дайындалып, тәжірибеде қолданылуы ықтимал.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы және апробациясы. Зерттеу тақырыбы бойынша 8 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда – 4 мақала, халықаралық конференциялар материалдарында – 2 мақала, Scopus дерекқорына енген журналда – 1 мақала және ғылыми монографияда – 1 авторлық бөлім жарық көрді.

1. «Научный потенциал и модернизация науки» // Философский и общественно-гуманитарный журнал «Адам әлемі» №1 (75), 2018. – С. 9-11

2. «Виртуалды шындық кеңістігіндегі жеке тұлғаның шығармашылығының дамуы» // Философский и общественно-гуманитарный журнал «Адам әлемі» №1 (75), 2018. – С. 69-79

3. «Виртуальная реальность и человеческая личность в современном мире» // Материалы III Международная научно-теоретическая конференция «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности» // (Том II) 2018. – С. 175-180

4. Гуманизм идеалдары тұрғысындағы бірегейлік мәселелері // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Формирование казахстанской идентичности: проблемы и перспективы» 2019. С. 298-308

5. Problem of Identity in the Context of Interconfessional Relations. // Философский и общественно-гуманитарный журнал «Адам әлемі» №3 (81), 2019. – С. 83-91

6. Виртуальная реальность и проблема реализации творческого потенциала личности // Вестник Университета Яссауи. №2 (116) 2020. – Б. 17-28

7. Виртуальная реальность и проблема реализации творческого потенциала личности // Сознание и общество: время трансформаций (Философский анализ) Коллективная монография / Под общ. ред. Бижанова А.Х. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2020. – 440 с. (§ 6.3. – С. 286-300)

8. Definition of Virtual Reality through Creative Act // Academic Journal of Interdisciplinary Studies www.richtmann.org Vol 10, №2, March 2021

Диссертация 2025 жылдың 12 қыркүйегінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды (№2 хаттама).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әрқайсысы екі параграфтан тұратын үш бөлімнен және үш параграфтан тұратын төртінші бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс көлемі – 148 бет.

Диссертациялық жұмыс ЖТН №BR21882302 «Цифрлық трансформация жағдайындағы қазақстандық қоғам: перспективалар мен тәуекелдер» бағдарламасы аясында әзірленді.